

**ӨНДЕУШІ КӘСІПОРЫНДАРДАҒЫ ЖАБДЫҚТАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ
БАСҚАРУШЫЛЫҚ ЕСЕП**

MANAGEMENT ACCOUNTING IN THE SUPPLY SYSTEM AT PROCESSING ENTERPRISES

**УПРАВЛЕНЧЕСКИЙ УЧЕТ В СИСТЕМЕ СНАБЖЕНИЯ
НА ПЕРЕРАБАТЫВАЮЩИХ ПРЕДПРИЯТИЯХ**

Қ. АЛАЙДАРКЫЗЫ*¹

Э.Ф.К.

А.А. ЖАНТАЕВА¹

PhD докторы

Г.Т. ТАНАБАЕВ²

экономика магистрі

¹ Алматы экономика және статистика академиясы, Алматы, Қазақстан

² Шымкент университеті, Шымкент, Қазақстан

*автордың электрондық поштасы: kalamkas_alaidar@mail.ru

К. ALAIDARKYZY*¹

C.E.Sc.

A.A. ZHANTAYEVA¹

PhD

G.T. TANABAYEVA²

Master of Economics

¹ Almaty Academy of Economics and Statistics, Almaty, Kazakhstan

² University Shymkent, Shymkent, Kazakhstan

*corresponding author e-mail: kalamkas_alaidar@mail.ru

Қ. АЛАЙДАРКЫЗЫ*¹

К.Э.Н.

А.А. ЖАНТАЕВА¹

доктор PhD

Г.Т. ТАНАБАЕВА²

магистр экономика

¹ Алматинская академия экономики и статистики, Алматы, Казахстан

² Университет Шымкент, Шымкент, Казахстан

*электронная почта автора: kalamkas_alaidar@mail.ru

Аңдатпа. Қазіргі уақытта Басқару есебін қою және жүргізу кәсіпорын басшыларына басқару саласында уақтылы шешім қабылдауға мүмкіндік беретін басым шарттардың бірі болып табылады. Даму бағыттары, өндірістік қуаттар, өндірілетін өнім түрлері – осы параметрлердің барлығы талдауды, жүйелеуді және есепке алуды талап етеді. Басқарудың барлық деңгейлерінің өндірістік, экономикалық және қаржылық қызметтің тиімділігі үшін жауапкершілігі артып келеді. Авторлар шұжық өндіретін кәсіпорындарда өнімдерді сатып алу, жеткізу, қабылдау, сақтау және сату алдындағы дайындау рәсімдерін қамтитын жабдықтау процесін зерттеген. Осы саладағы есепке алу жүйесін ұйымдастыруға мынадай факторлар әсер ететіні анықталды: дайын өнімдер бастапқы шикізатты қайта өңдеу нәтижесінде алынады; технологиялық процесстің ерекшеліктері шикізат түріне, рецептураға байланысты болады; шұжық өндірісі механикаландыру мен автоматтандырудың жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Зерттеулер көрсеткендей, Басқару есебі әрқашан өзіне жүктелген барлық міндеттердің орындалуын қамтамасыз ете бермейді. Авторлардың пікірінше, оларды келесі тізіммен толықтыруға болады: шикізат базасының болуы туралы ақпарат беру; алыс-беріс шикізаты бойынша бюджеттер мен басқарушылық есеп беру нысандарын қалыптастыру; санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын, шикізат пен дайын өнімнің сапасын бақылау; өнім желісі бойынша мәліметтер беру, экологиялық қаптаманың болуы

◆◆◆◆◆ туралы мәліметтермен қамтамасыз ету. Осы мәселелерді шешу басқарудың жеделдігі мен тиімділігін арттыруға; ақпараттық және есеп айырысу процестері бойынша шешім қабылдайтын басшылар мен менеджерлердің еңбек шығындарын азайтуға ықпал етеді.

Abstract. Currently, the establishment and maintenance of management accounting is one of the priority conditions, which enables the Heads of enterprises to make timely decisions in the field of management. Directions of development, production capacity, types of produced products - all these parameters require analysis, systematization and accounting. The responsibility of all levels of administration for the efficiency of production, economic and financial activities is increasing. The authors studied the procurement process at sausage production enterprises, including the procedures for the purchase, delivery, acceptance, storage and pre-sale preparation of products. It has been determined that the following factors influence the organization of accounting system in this industry: finished products are obtained as a result of processing of primary raw materials; features of technological process depend on the type of raw materials, recipes; sausage production is distinguished by high level of mechanization and automation. The conducted studies show that management accounting does not always ensure the fulfillment of all tasks assigned to it. According to the authors, they can be supplemented with the following list: provision of information on the availability of raw material base; formation of budgets and forms of management reporting for raw materials supplied by the customer; control over compliance with sanitary and hygienic standards, quality of raw materials and finished products; providing data on product line, availability of ecological packaging. The solution of these problems contributes to the increase in the efficient and effective management; reduction of labor costs for executives and managers who make decisions on information and settlement processes.

Аннотация. В настоящее время постановка и ведение управленческого учета – одно из приоритетных условий, которое дает возможность руководителям предприятий принимать своевременные решения в сфере управления. Направления развития, производственные мощности, виды производимой продукции – все эти параметры требуют анализа, систематизации и учета. Возрастает ответственность всех уровней администрирования за эффективность производственно-хозяйственной и финансовой деятельности. Авторами изучен процесс снабжения на предприятиях по производству колбас, включающий процедуры закупки, доставки, приемки, хранения и предпродажной подготовки продукции. Установлено, что на организацию системы учета в данной отрасли оказывают влияние следующие факторы: готовые изделия получают в результате переработки первичного сырья; особенно технологию процесса зависит от вида сырья, рецептуры; колбасное производство отличается высоким уровнем механизации и автоматизации. Проведенные исследования показывают, что управленческий учет не всегда обеспечивает выполнение всех возложенных на него задач. Их, по мнению авторов, можно дополнить следующим перечнем: предоставление информации о наличии сырьевой базы; формирование бюджетов и форм управленческой отчетности по давальческому сырью; контроль за соблюдением санитарно-гигиенических норм, качества сырья и готовой продукции; обеспечение данными о продуктовой линейке, наличии экологической упаковки. Решение этих проблем способствует повышению оперативности и эффективности управления; снижению трудовых затрат руководителей и менеджеров, принимающих решения по информационным и расчетным процессам.

Түйінді сөздер: Басқару есебі, қайта өңдеу кәсіпорындары, жабдықтау жүйесі, шикізат, дайын өнім, жартылай фабрикаттар, сапа, материалдық ресурстар, сатып алулар.

Key words: management accounting, processing enterprises, supply system, raw materials, finished products, semi-finished products, quality, material resources, purchases.

Ключевые слова: управленческий учет, перерабатывающие предприятия, система снабжения, сырье, готовая продукция, полуфабрикаты, качество, материальные ресурсы, закупки.

Кіріспе. Жоспарлы экономика кезінде шикізат пен материалдарды жеткізушілер алдын ала анықталатын, мал өсіру фермаларымен тікелей жұмыс істейтін, сонымен бірге белгіленген нысанда жеке адамдардан шикізат (ет) қабылдайтын дайындау базалары (дайындау, кеңселері)

аса жоғары деңгейде қызмет етті. Осыған қарай шикізаттар мен материалдар орта-лықтан басқару және жабдықтау-дайындау қызметінің болмауы осы бағыттағы қызметкерлердің жауаптылығын төмендеуіне әсер тигізіп отыр [1]. Қазақстан экономикасының құрамдас бөлігі ретінде өнер-

кәсіптік өндіріс мемлекеттің жалпы шаруашылығына тән қиыншылықтарды бастан кешіріп отыр. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың жағдайы, олардың әлеуметтік-бағытты болуымен тереңдей түседі. Құрамына шұжық өнімдерін өндіретін ұйымдар кіретін тамақ өнеркәсібі саласындағы кәсіпорындар Қазақстан экономиканың басқа салаларындағы кәсіпорындарымен салыстырғанда нарықтық ортаға бейімдірек келеді.

Қазіргі таңда шұжық өнімдерін шығаратын кәсіпорындар алдында жабдықтау-дайындау қызметін ұйымдастыруды түбегейлі өзгерту және білікті мамандарымен, жаңа технологиялық құрал-жабдықтармен және бүгінгі күн талабына сай қойма шаруашылығымен қамтамасыз етілген күшті бөлімше құру сияқты өзекті міндеттерді шешу мәселелері тұр.

Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде біз шұжық өнімдерін шығаратын кәсіпорындар үшін қызметтің басқа салаларының (өндірістік, коммерциялық-өткізу) тиімді қызмет етуіне елеулі әсер ететін жабдықтау-дайындау қызметін дұрыс ұйымдастыру маңызды кезең екенін айта аламыз. Осы саладағы шұжықты үздіксіз өндіру мен сату – өндірісті материалдық ресурстармен жабдықтаумен тікелей байланысты.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Басқарушылық есепті дамыту мен ұйымдастыру мәселелері бойынша зерттелген отандық және шетелдік ғалым экономистердің ғылыми еңбектері, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және өндірістік қызмет мәселелері бойынша заңдар мен заң күші бар нормативтік актілер, ғылыми-теориялық және ғылыми-тәжірибелік конференциялардың материалдары, зерттеу жүргізілген ұйымдардың бухгалтерлік есеп мәліметтері пайдаланылды [2].

Зерттеліп отырған шұжық өнімдерін өндіретін кәсіпорындарда, әдетте материалдық-техникалық жабдықтау бөлімдері басшыларға тікелей бағынады. Осыдан келіп жабдықтау-дайындау қызметінің фирманың басқа бөлімшелерімен (жоспарлы-экономикалық бөлім, бухгалтерия, өндірістік бөлім, қаржы-өткізу қызметімен) өзара қызметтік қатынасы шектелінеді. Осы бөлімшелердің әрқайсысы «өз» қызметін дербес жүргізеді, яғни бүкіл кәсіпорынның жалпы шаруашылық мүддесін ескермейді.

Жабдықтау-дайындау қызметіне байланысты шығындар шұжық өндірісінің жалпы шаруашылық шығындарына енгізіледі [3]. Осыған қарай негізгі өндірістің көлемін ұлғайтудың нәтижесінде тұрақты

қызметкерлердің біліктілігіне, өндірісті технологиялық құрал-жабдықпен уақытылы жабдық-тауға, тиеп-түсіру жұмыстарын механикаландыру және тағы басқа да ұйымдастыру мәселелеріне аз көңіл бөлінеді.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Қазіргі таңда шұжық өнімдерін шығаратын кәсіпорындардың көпшілігінде сұраныс пен ұсыныс нарығын зерттейтін маркетинг бөлімі жоқтың қасы. Осыдан бүгінгі күні үнемді болып тұрған нәрсе, кейін үлкен шығынға әкелуі мүмкін.

Қазір шұжық өнімдерін шығаратын кәсіпорындарда материалдық ресурстармен жабдықтау үш бағыт бойынша жүзеге асырылады:

- негізгі шикізат пен материалдармен жабдықтау;
- көмекші материалдармен қамтамасыз ету;
- өндірістік құрал-жабдықтар және қосалқы бөлшектерімен жабдықтау.

Жабдықтау-дайындау қызметтері құрылымын талдай отырып, осы бөлімшелерде ұйымдастыру мен басқарудың жаңа нысандарын ендіру, олардың ұйымның басқадай басқару қызметтері мен бөлімдері, өндірістік бөлімшелері мен өзара байланыстарын қалыптастыру қажеттігі және оның басқарушылық есепті құруға жағымды әсер ететіндігі туралы тұжырым жасауға болады. Жоғарыда айтылғандардан шұжық өндіретін кәсіпорындарда, жабдықтау-дайындау бөлімшелерін құру үшін келесідей міндеттерді шешу қажет деп санаймыз:

- жабдықтау-дайындау қызметін нарық жағдайына сәйкес қайта құру;
- жабдықтаудың бірегей жүйесін құру.

Зерттеу жүргізілген шұжық өнімдерін өндірумен айналысатын кәсіпорындарда материалдық-техникалық қамтамасыз етудің ұйымдық құрылымын төмендегі сурет арқылы көрсетуге болады.

Төмендегі сурет арқылы көрсетілген құрылымның бұрынғы құрылымға қарағанда артықшылығы сол, бұл құрылымдар шикізаттар мен материалдар, сатып алынатын жартылай фабрикаттар, көмекші құралдар және тағы басқалармен бірқалыпты қамтамасыз етуге қол жеткізеді [4].

Нарықтық экономикасы дамыған елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, кешенді жабдықтаудың өнім өндірісі өсуіне кедергі жасамайтындығын, материалдық ресурстардың жекелеген түрлерінің нормативтен артық жинақталуына және кәсіпорынның қаржылық жағдайының нашарлауына әкелмейтінін көрсетті.



Ескерту – Сызбаны автордың өзі дайындады.

Сурет – Шұжық өнімдерін өндіретін ұйымдардағы материалдық-техникалық қамтамасыз етудің ұйымдық құрылымы

Жабдықтаудың бірегей жүйесін құру кезінде жеке бөлімше құруға және оны шұжық өндірісінің технологиялық операцияларының бастапқы жиынтығына кіргізуге болады. Жабдықтаудың қазіргі қызметтері – тиеу-түсіру жұмыстарын, шикізаттардың сапаларын анықтау, сұрыптау, қоймада жинақтау және басқа да операцияларды іске асыратын ерекше өндірістік бөлімше болып саналады. Оларда техниканың едәуір бөлігі жұмыс істей отырып, материалдық құндылықтардың есебін ұйымдастырып, оларға бақылау жүргізеді. Әдетте, әрбір қойма бөлек орналасқан, жабдықтау-дайындау операцияларының орындалу сипатына қарай, осы жабдықтау-дайындау операциялары бойынша шығындар бірыңғай есептелу негізінде шұжық өнімінің өзіндік құнына жатқызылуы мүмкін. Осы шығындар шамасы үшін жеке жауапкершілікті қойма меңгерушілеріне, ал жоғары деңгейде осы қоймалар бағынатын жабдықтау бөлімдерінің басшыларына жүктеген дұрыс.

Сонымен шұжық өнімдерін өндіретін кәсіпорындардағы қойма шаруашылығы бірлігі ретінде шығындарының барлық пайда болу орындары саналады.

Шұжық өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың жабдықтау-дайындау қызметінің ұйымдық мәселелерін қарастыра келе, біз жабдықтау бойынша маркетингтік зерттеулерді тиісті бөлімшелерге жүктеу қажет деген тұжырымға негізделіп отырмыз [5]. Мысалы, дайындау ұйымдары мен мал

өсіретін фермалары арасындағы қалыптасқан байланыстар үзілгеннен кейін қатаң бәсекелік нәтижесінде шұжық өнімдерін шығаратын кәсіпорындарды өз өндірісін үздіксіз қамтамасыз ету үшін жоғарғы деңгейде мал шаруашылығы шикізаты нарығының конъюктурасына сәйкес дамыту керек.

Жабдықтау-дайындау қызметінің есебін дұрыс ұйымдастыру құрылымдық бөлімшелердің экономикалық көрсеткіштерінің қалыптастырылуына байланысты болады. Өз кезегінде көрсеткіштерді қалыптастыру шығындар құрамына, олардың жіктелуіне, шикізат пен материалдарды өнімнің өзіндік құнына енгізу тәртібіне тәуелді болады. Шұжық өндірісіндегі жабдықтау-дайындау қызметінің шығындары тауар өнімнің өзіндік қызметінің елеулі бөлігін құрайды. Сонымен қатар жоспарлау мен есеп және калькуляциялауда оларды шұжық өндірісінің дербес бөлігі ретінде барлық кезеңде қарай бермейді.

Жабдықтау-дайындау қызметінің шығындарының негізгі бөлігін төмендегі шығындар құрайды:

- өндірістік материалдар қорлардың қалыптастыру және сақтау, яғни қойма шығындары (жалдау ақылары, энергия қуаты, жылу, суық, су, канализация) қойма қызметкерлерінің еңбек ақысы, еңбек ақыдан әлеуметтік аударымдар, материалдық құндылықтар құнына байланысты салықтар мен сақтандыру жарналары және т.б.;

■ меншікті көлік құралдарын ұстауға, тиеу-түсіру жұмыстарының құнына, тиімді жөнелту, жүргізушілердің еңбек ақысы мен еңбек ақыдан аударымдар және тағы басқа да тасымалдау шығындары;

■ тоңазытқыш камераларды күтіп ұстау, табиғи ысыраптар шеңберіндегі жетпеушіліктер;

■ шикізатты ұйымның арнаулы көлік-терімен тасымалдау;

■ жабдықтау-дайындау қызметіне қатысты әкімшілік-басқарушы қызметкерлерді ұстауға байланысты шығындар;

■ жоғарыда аталған шығындардан басқадай шығындар.

Шұжық өнімдерін шығаратын кәсіпорындар үшін өзекті мәселенің бірі бұл – шикізат пен материалдық құндылықтардың қорларын реттеу болып саналады.

Өндірістік қорлар жетіспеген жағдайда оларды басқарудағы ең маңызды фактор – олардың айналым жылдамдығы болып табылады.

Зерттеудің нәтижесінде, біз ұйымның өндіріске қажетті шикізаттар мен материалдардың жетпей қалу қаупінен жабдықтау-дайындау бөлімі материалдық қорлардың артық көлемін жасақтайтынын байқап отырмыз. Бұл шұжық өнімдерін шығаратын кәсіпорындарының материалдарды сақтау шығындарының өсуі мен пайдасының азаюына едәуір әсер етеді.

Шұжық өнімдерін шығаратын кәсіпорындарда шикізат пен материалдық қорларының ең өтімді қысқа мерзімді активтері болуға тиісті. Өз мәні бойынша шикізат пен материалдар: бұлар – сақталудағы қаражаттар, яғни пайдалануға болмайтын ақшалар [6]. Біздің пікірімізше, шұжық өнімдерін шығаратын кәсіпорындарға айналымдылығы төмен материалдық қорлардан, яғни олардың көпшілігіне тәуекелдікті болдырмау үшін өндірістік цехтарда жиі пайдаланылмайтын шикізат пен материалдар түрлерінен аулақ болуға тырысу керек. Оның орнына материалдық қорлар айналымын жылдамдату арқасында бос ақша қаражаттарын қолда ұстау дұрысырақ болады.

Қазіргі таңда шұжық өнімдерін шығаратын кәсіпорындарға материалдық қорлардың айналымдылығын өсіру арқылы қойманың алаңын азайтып және шикізат пен материалдарды сақтауға байланысты шығындарды азайту арқылы өндіріс пен сатудың көлемін өсіру қажет, яғни пайданы көбейту керек. Әрине, шикізат пен материалдарды сақтамай-ақ, бірден өндіріске жіберген өте дұрыс болар еді. Бірақ

өндірісті бұлай жабдықтау әзірге мүмкін емес. Сондықтан материалдық қорлар айналымы шұжық өнімдерін шығаратын кәсіпорындарда мұқият талдануы керек ететін маңызды мәселе болып саналады.

Сонымен бірге өндірістік қорлардың айналымы өндірістік цехтарға қажетті шикізат пен материалдарға тікелей тәуелділікте болатындықтан шұжық өндірісі ұйымдарының басшылары иелігіндегі барлық сатып алуды ынталандыру мен материалдық қорлар айналымдылығын жеделдету әдістерін пайдалануы керек.

Материалдық қорлар айналымдылығын жеделдетудің тәсілдерінің бірі шикізат пен материалдардың қорына ең төменгі дәрежеде ақша қаражаттарын жұмсау болып табылады. Сондықтан, әрбір шикізат пен материалдар атауы үшін қандай айналым қарқыны тиімді болатындығын анықтау үшін материалдық қорлар қозғалысы туралы бухгалтерлік есеп мәліметтері негізінде материалдық қорлар айналымы көрсеткіштерін есептеу және талдау керек.

Есептеу кезінде материалдық қорлар айналымын анықтау үшін өндіріске жіберілген шикізаттар мен материалдар көлемінің материалдық қордың орташа көлеміне қатынасын, өндіріске жыл бойы жіберілген көлемді материалдық қорлардың баланстық құнына бөлу арқылы табады.

Барлық жағдайда алынған коэффициент өте үлкен мәнге ие болса (алдағы кезеңмен немесе орташа мәліметтермен салыстырғанда), онда ол материалдық қорлардың жеткіліксіздігін, ал ол өте аз болса, материалдардың шамадан тыс көптігін немесе ескіргендігін және олардың өндірістік учаскілерге керек еместігін көрсетеді.

Материалдық қорлардың айналымдылығы жоғары болған сайын олардың бұзылудан болатын зиян ықтималдылығы азаяды және ұйымның қаржылық жағдайы соғұрлым арта түседі.

Ұйымның өндірістік процесіне қажетті материалдық қорларды тиімді басқару үшін шұжық өнімдерін шығаратын кәсіпорындар өндірісті үздіксіз жабдықтауға қажетті көлемдегі шикізат пен материалдарға иелік етуі керек. Ол не көп, не аз емес өндіріс мұқтажыды толық қанағаттандыратын көлемде болуы тиіс.

Егер болашақта өндіріс көлемінің ұлғайту мәселесі тұрса, онда шикізат пен материалдарды көбірек сатып алу ниеті түсінікті болады. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, өндіріске бірден жіберуге дайын

қоймадағы толып тұрған шикізат пен материалдар кейбір басшылардың пікірі бойынша ұйым беделінің көрсеткіші болып табылатындығын көрсетеді.

Жабдықтау-дайындау қызметі шикізат пен материалдың кейбір түрлерінің бағасының өсуі нәтижесінде ұйым ұтады деген есеппен шикізат пен материалдарды сол түрлерін үлкен көлемде сатып алады. Бұл әрқашан тиімді бола бермейді, себебі «артығымен» сатып алынған шикізат пен материалдарды сақтауға байланысты шығындарды көбейтіп, бағаның жоғарылауына әкеліп соқтырады [7]. Сондықтан шұжық өнімдерін шығаратын кәсіпорындар шикізат пен материалдарды «артық» сатып алған кезде, автоматты түрде, шикізат пен материалдар өндіріске жіберу мерзіміне жақынырақ сатып алған кезге қарағанда алатын қосымша пайдасын жоғалтады. Бұл шығындар шикізат пен материалдар санына және оларды сақтау мерзіміне тікелей байланысты болады.

Сақтау кезіндегі жойылулар, сонымен қатар физикалық ескіру зиян шегуге әкеледі. Шұжық өндірісінің технологиясына конструкциялық өзгерту енгізу қолда бар шикізат пен материалдар қорының күрт ескіруіне жеткізеді.

Ұйымның сақтаудағы материалдық қорларының деңгейі аса төмен болғаны да дұрыс емес. Керекті шикізат пен материалдар үшін жеткізуші кәсіпорындарға тапсырма беру, оларды тасымалдау, қоймадағы өңдеумен байланысты шығындардың көптігінен кәсіпорынға шикізат пен материалдарды өндірістік цехтардан тапсырыс алған кезде ғана сатып алуға болмайды. Материалдық қорларды өнімді өндіру болжамына сай белгілі бір көлемде ұстау, шикізат пен материалдарды өндіріске жіберудің тұрақтылығы мен ырғақтығына ықпал еткізеді.

Шикізат пен материалдар қорының оптималды деңгейі «өте жоғары» және «өте төмен» деңгейлері арасындағы бір орташаны көрсетеді. Материалдық қорларға бірегей категория ретінде қарауға болмайды. Себебі, шикізат пен материалдардың сан алуан түрлерінің өндірістегі қылықтары сан түрлі. Сондықтан материалдық қорлардың әрбір түрінің көлемін әрдайым, үздіксіз бақылап отыру қажет.

Айналымдылықты жеделдету мақсатындағы материалдық қорларды басқарудың негізгі элементтері болып өткізу желісі, сұраныстың, басқару стратегиясының, материалдық қорларды қалыптас-

тыру мен бақылаудың ұйымдық құрылымы саналады.

Материалдық қорларды оңтайландырып, сақтау шығындарын азайтып қана қоймай, өндіріс сұранысына қызмет етуді едәуір жылдамдату арқылы жабдықтау-дайындау қызметінің тиімділігін арттыру осы кезде тек қана материалдық қорлардың түсуі мен жұмсалуды жүйелі ұйымдастырылғанда, қорларды ғылыми әдістер негізінде ұйымдастырғанда, есепті, статистиканы, талдауды, болжауды, барлық құжаттарды өңдеуді компьютерлендіргенде ғана мүмкін болады.

Материалдық қорларды тиімді басқару стратегиясының міндеттері аз шығынмен өндірістік цехтар сұранымын жоғарғы дәрежеде қанағаттардыру арқылы өндірісті материалдармен үздіксіз жабдықтау болып табылады. Барлық үш түсінік салыстырмалы және басқару жүйесін оңтайландыру өлшемін, яғни олар ұмтылатын нақты параметрлерді белгілеуді керек етеді.

Стратегияны таңдау кезінде материалдық қорларды басқару шығындары басты рөл атқарады. Әдетте айналымдылықты жеделдету қажеттілігіне байланысты шикізаттар мен материалдардың осы түрлері бойынша сатып алу жиілігі мүмкіндігінше қысқартылуы керек. Шикізат пен материалдардың бағасы шұжық өнімдерінің өзіндік құнында елеулі орын алады, сондықтан олар бухгалтерлік есепте және өндіріске жіберу кезінде дұрыс бағалануы тиіс.

Егер шұжық өнімдерін шығаратын кәсіпорын материалдық қорларды екі жіктелім тобынан бірнеше топқа бөлгісі келсе, біз жоғары танымал «ABC-талдау» жүйесіне сүйенуді ұсынамыз [8]. Бұл жүйе бойынша өндірістік қорлар А, В, және С топтарына бөлінеді. А тобы материалдық қорлардың ақша жағынан ең белсенділерін, В тобы орташа белсенді материалдық қорларды, С тобы белсенділік деңгейі ең төмен материалдық қорларды біріктіреді.

Шикізат пен материалдардың әрбір түрінің өндіріске жіберілетін жылдық көлемі бағаға көбейтіледі, содан соң шикізат пен материалдар ақша белсенділігінің азаюына қарай орналастырылады. Ең белсенді А тобы ең мұқият бақылауға алынса, В тобы сәл төмендеу, ал С тобы аз ғана бақыланады [9].

Жеткізудің кешігуіне немесе тапсырыстардағы өзгерістерге қарамастан кез келген уақытта шұжық өндірісінің қажеттілігін қанағаттандыру үшін басқару жүйесіне

шикізат пен материалдардың сақтандырылған қорларын ендіру қажет.

Материалдық құндылықтар жоғарғы дәрежеде басқарудың елеулі бөлігі шикізат пен материалдардың сақтандырылған материалдық қорлардың оңтайлы деңгейін белгілеу болып табылады.

Материалдық қорлардың оңтайлы деңгейін анықтау үшін олардың жоғарыдан және төмен реттелетін жүйесі болу қажет. Шикізат пен материалдар қорының жоғарғы деңгейі мен олардың төменгі деңгейіне – тапсырыс нүктесі белгіленеді. Тапсырыстар арасында белгіленген кезең аяқталғанға дейін шикізат пен материалдардың қоры тапсырыс нүктесіне дейін төмендесе, онда кезектен тыс тапсырыс беруге болады. Қалған жағдайларда қарастырылып отырған жүйе тапсырыс беру кезеңі белгіленген жүйе ретінде қызмет етеді [10].

Материалдық қорлардың оңтайлы деңгейін бақылау үшін тапсырыс кезеңі белгіленбеген жүйесін қолдану кезінде (минимум-максимум жүйесі) тек тапсырыс деңгейі тапсырыс нүктесіне жеткен кезде ғана беріледі. Тапсырыстар арасындағы кезең мен тапсырыс мөлшері бұл жүйеде белгіленбейді.

Тұжырымдар. 1. Нарық жағдайында ұйымды басқарудың тиімді жүйесі – қызметтің барлық функцияларын, яғни жабдықтау-дайындау, өндірістік, коммерциялық өткізу қызметтерін рационалды (жан-жақты) ұйымдастыруды талап етеді.

2. Тәжірибелік зерттеудің нәтижесінде біз шұжық өндірісін шикізатпен жабдықтауды іске асыратын негізгі бағыттарды анықтап, зерттеу жүргізген ұйымдардың тәжірибелік қызметтері үшін жабдықтау-дайындау қызметінің құрылымын жинақталған түрде ұсынып, жабдықтау-дайындау қызметінің негізгі шығындарын топтап, өндірістік-материалдық қорлардың айналымдылығын жеделдету бойынша тәжірибелік аспектілерді қарастырып, шұжық өнімінің өзіндік құнын қалыптастыратын шығындар баптарының ең ұтымды топтамасын ұсынып отырмыз.

3. Жалпы шаруашылық, коммерциялық және жалпы өндірістік шығындарды шартты-тұрақты және шартты-ауыспалы шығындарға жіктеуді ұсындық. Шығындарды бұлай бөлу шығындар мен нәтижелерді талдау мүмкіндігін елеулі кеңейтіп, басшыларға негізінде басқарушылық шешімдер қабылданылатын дәлелді ақпаратты базаны қалыптастыруға көмектеседі.

4. Нарықтық қатынастар жағдайында нарықта тұрақты орын алған кәсіпорын деп

өз қызметінен үнемі пайда алатын кәсіпорын есептеледі. Бұл міндет жоғары дәрежеде ұйымдағы дұрыс жолға қойылған бюджеттендіру жүйесі мен басқарушылық бақылау арқылы жүзеге асырылады.

5. Зерттеу жүргізген өнімдерін өндіретін кәсіпорындарда бюджеттендіру жүйесін тиімсіз және әдетте, негізгі материалдар мен еңбек ақы шығындары бойынша бір-екі бюджетті құрумен шектеледі. Сондықтан, біз зерттеу жүргізген ұйымда сату бюджетін, өндіріс бюджетін, шикізаттар мен негізгі және көмекші материалдардың тікелей шығын бюджетін, еңбек ақы шығындарының бюджеттік, бөлімше бойынша жиынтық бюджетті, пайда мен зияндар бюджетін қамтитын бюджеттендірудің кешенді жүйесін ұсындық.

Список литературы

[1] Ивашкевич, В.Б. Организация учета по центрам ответственности и местам формирования затрат / В.Б. Ивашкевич // Бухгалтерский учет.-2016. -№5. - С.125-128.

[2] Даулетбеков, Ә.Д. Басқарушы-өндірістік есеп: оқу құралы / Ә.Д. Даулетбеков, К.Т. Тайғашинова.- Алматы: ТОО «Принт», 2015.- Б.180-185.

[3] Назарова, В.Л. Управленческий учет: учеб. / В.Л. Назарова, Д.А. Фурсов, С.Д. Фурсова, Ж.С. Жаппарханова. - Алматы: Экономика, 2015. -С.297-300.

[4] Сатубалдин, С.С. Учет затрат на производство в промышленности США / С.С. Сатубалдин.– М.: Финансы, 2017.-С. 141-142.

[5] Керимов, В.Э. Управленческий учет производственной деятельности: учеб. пособие / В.Э. Керимов, А.А. Епифанов, П.В. Селиванов, М.С. Крятов. - М.: Издательство «Экзамен», 2019.-С. 160-161.

[6] Назарова, В.Л. Стратегический управленческий учет и его роль в управлении предприятием: монография/ В.Л.Назарова.- Бишкек, 2014.-С.161-163.

[7] Назарова, В.Л. Бюджетирование в системе стратегического управленческого учета, проблемы его организации на промышленном предприятии: монография / В.Л. Назарова.- Алматы: Алматинская академия экономики и статистики, 2016.-С.230-231.

[8] Надеева, Н.В. Организация внутреннего аудита на предприятии: учеб. пособие / Н.В. Надев.- Алматы: Алматинская академия экономики и статистики, 2017.-С. 112-113.

[9] Мезенцева, Т.М. Современные проблемы бухгалтерского учета и отчетности в России и странах содружества: монография / Т.М. Мезенцева.- Алматы: Алматинская академия экономики и статистики, 2018.- С. 296-297.

[10] Кеулимжаев, К.К. Вопросы совершенствования учета затрат на производства / К.К. Кеулимжаев, А.К. Джумагазина// Статистика, учет и аудит.- 2012.- №6. – С. 29-27.

References

[1] Ivashkevich, V.B. Organization of accounting by centers of responsibility and places of cost formation / V.B. Ivashkevich // Accounting. - 2016. -No. 5.- PP.125-128.

[2] Dauletbekov, A.D. Management-production report: training manual/ A.D. Dauletbekov, K.T. Taigashinova.- Almaty: LLP "Print", 2015.- PP.180-185.

[3] Nazarova, V.L. Management accounting: textbook. / V.L. Nazarova, D. A. Fursov, S. D. Fursova, Zh. S. Zhapparkhanova. -Almaty: Economy, 2015. -PP. 297-300.

[4] Satubaldin, S.S. Accounting of production costs in the US industry / S.S. Satubaldin. - M.: Finance, 2017.- PP. 141-142.

[5] Kerimov, V.E. Management accounting of production activities: training manual/ V.E. Kerimov, A.A. Epifanov, P.V. Selivanov, M.S.

Kryatov. -M.: Publishing house "Exam", 2019.- PP. 160-161.

[6] Nazarova, V.L. Strategic management accounting and its role in enterprise management: monograph / V.L. Nazarova.-Bishkek, 2014.-PP.161-163.

[7] Nazarova, V.L. Budgeting in strategic management accounting system, problems of its organization in industrial enterprise: monograph / V.L. Nazarov. - Almaty: Almaty Academy of Economics and Statistics, 2016.- PP.230-231.

[8] Nadeeva, N.V. Organization of internal audit at the enterprise: textbook / N.V. Nadev. - Almaty: Almaty Academy of Economics and Statistics, 2017.- PP.112-113.

[9] Mezentseva, T.M. Modern problems of accounting and reporting in Russia and the commonwealth countries: monograph / T.M. Mezentseva.- Almaty: Almaty Academy of Economics and Statistics, 2018.- PP. 296-297.

[10] Keulimzhaev, K.K. Issues of improving production costs the accounting/ K.K. Keulimzhaev, A.K. Dzhumagazin // Statistics, accounting and audit.- 2012.- №6. - PP. 29-27.

Авторлар туралы ақпарат

Алайдарқызы Қаламқас; экономика ғылымының кандидаты; доцент "Есеп, аудит және статистика" кафедрасы; Алматы экономика және статистик академиясы; Алматы қ., 0000053 Жандосов көшесі 59, Қазақстан; kalamkas_alaidar@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-5657-333X>

Жантаева Айгүл Әбітжанқызы; PhD докторы; доцент "Есеп, аудит және статистика" кафедрасы; Алматы экономика және статистик академиясы; Алматы қ., 0000053 Жандосов көшесі 59, Қазақстан; aigul_0905@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-5457-4032>

Танабаева Гүлназ Түлебайқызы; экономика ғылымының магистры; аға оқытушы "Есеп және аудит" кафедрасы; Шымкент университеті; Шымкент қ., 160031 Жібек-Жолы көшесі 131, Қазақстан; tanabaeva.gulnaz@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-4693-471X>

Information about authors

Alaydarkyzy Kalamkas; Candidate of Economic Sciences; Associate Professor Department of "Accounting, Audit and Statistics"; Almaty Academy of Economics and Statistics; Almaty, 0000053 Zhandosova str. 59, Kazakhstan; kalamkas_alaidar@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-5657-333X>

Zhantayeva Aigul Abitzhankyzy; PhD; Associate Professor Department of "Accounting, Audit and Statistics"; Almaty Academy of Economics and Statistics; Almaty, 0000053 Zhandosova str. 59, Kazakhstan; aigul_0905@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-5457-4032>

Tanabayeva Gulnaz Tulebaykyzy; Master of Economic Sciences; Senior Lecturer Department of "Accounting and Audit"; Shymkent University; Shymkent, 160031 Zhibek-Zholy 131, Kazakhstan; tanabaeva.gulnaz@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-4693-471X>

Информация об авторах

Алайдарқызы Каламқас; кандидат экономических наук; доцент кафедры "Учет, аудит и статистика"; Алматинская академия экономики и статистики; г.Алматы, 0000053 ул. Жандосова, 59, Казахстан; kalamkas_alaidar@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-5657-333X>

Жантаева Айгүл Әбітжанқызы; доктор PhD; доцент кафедры "Учет, аудит и статистика"; Алматинская академия экономики и статистики; г.Алматы, 0000053 ул. Жандосова 59, Казахстан; aigul_0905@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-5457-4032>

Танабаева Гүлназ Түлебайқызы; магистр экономических наук; старший преподаватель кафедры "Учет и аудит"; Университет Шымкент; г.Шымкент, 160031 ул. Жибек-Жолы 131, Казахстан; tanabaeva.gulnaz@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-4693-471X>